



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Всего доходов, тыс. сом.	43699429,2
в % к ВВП, в том числе	9,6
Пенсионный фонд, тыс. сом., с учетом остатка на начало года	40289498,5
Государственный накопительный пенсионный фонд (ГНПФ), тыс.сом.	1340201,0
Дефицит (-), профицит (+), тыс. сом.	1180851,3
ВВП, тыс. сом.	454389000,0

Бюджет Соцфонда КР на 2016 год утвержден с профицитом в 1180851,3 тыс.сомов против 1088552,0 тыс. в 2015 году.

**Список использованных источников:**

1. О государственном пенсионном социальном страховании: Закон КР от 21 июля 1997 года № 57.
2. О тарифах страховых взносов по государственному социальному страхованию: Закон КР от 24 января 2004 года № 8.
3. Саякбаева А.А., Нурмукамбетова Ж.К., Аташева А. Оценка охраны здоровья населения и их пенсионного обеспечения в Кыргызской Республике // Известия Исык-Кульского форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии. 2017. № 1-1 (16). С. 97-102.
4. Кенжекараева А.Ж., Саякбаева А.А. Некоторые аспекты социально-демографического развития Кыргызской Республики и ее регионов // Вестник РАЕН. - 2016. № 1. С. 105-110
5. Саякбаева А.А., Токторбаева К.А Потребности населения в социальной защите в период трансформации экономики // Научные стремления. - 2016. № 1 (17). - С. 96-103
6. Саякбаева А.А. [и др.] Некоторые аспекты социальных процессов в Кыргызской Республике и ее территориях// Евразийское научное объединение. – 2017. –Т.12.- № 1 (23). – С. 130-134
7. Кыргызстан в цифрах. Статсборник. –Бишкек, Нацстатком КР, 2017.
8. <http://zviazda.by/be/news/20160114/1452768328-sredniy-razmer-pensii-v-stranah-eaes>
9. <http://socfond.kg/ru/news/76-OTChIeT-ob-ispolnienii-biudzhiet-Sotsialnogho-fon>
10. О бюджете Социального фонда Кыргызской Республики на 2016 год и прогнозе на 2017-2018 годы: Закон КР от 6 апреля 2016 года № 35 (В ред. Закона КР от 1 марта 2017 года № 40)

ОӘЖ 336.77

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ РЕСУРСТАРЫ: ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ**

**Дәуітбек Құндыз**

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК магистранты 5M050900 -  
«Қаржы» мамандығы бойынша. Қазақстан, Астана  
Ғылыми жетекшісі: Кушербаев Б.П.

Коммерциялық банктер бір жағынан, шаруашылық субъектілердің уақытша бос ақшалай қаражаттарын тартатын болса, екінші жағынан, бұл қаражаттар есебінен кәсіпорындар мен ұйымдардың әр түрлі қажеттерін қанағаттандыратын арнайы мекеме. Коммерциялық банктің пассивтік операциялық негізінде оның қызметінің жүзеге асырылуы

үшін қажетті банк ресурстары жинақталады.

«Банк ресурстары» термині «несиелік ресурсы» қарағанда кең ұғымды білдіреді. Банк ресурстары тек несиелеуге ғана емес, сол сияқты басқа да активтік немесе комиссиялық операцияларды қаржыландыру үшін пайдаланылады.

Демек, коммерциялық банктер ерекше бір кәсіпорын ретінде делдалдық қызметке байланысты, банктік ресурстар нарығында ақшалай ресурстарды сатып ала отырып, оны қажет ететін кәсіпорынға, ұйымға және халыққа сатып отырады.

«Ресурс» сөзі француздың *ressources* сөзінен шын мағынасы қаражат, құрал, қор, мүмкіндік, бірнәрсенің көзі дегенді білдіреді.

Қаржылық-несиелік сөздікте банктік ресурсқа келесі анықтама беріледі: «Банктік ресурс – банктің иеленуіндегі және оның несиелік және басқа да активті операцияларын жүзеге асыру үшін қолданатын қаражат жиынтығы». Бұл анықтаманың кемшілігі сол, онда банктік ресурстардың қалыптасу көздеріне, яғни банктің пассивтік операцияларына көңіл бөлінбейді.

Заманауи экономикалық әдебиеттерде банк ресурстарының әр алуан анықтамалары кездеседі. Лукаш, Я. А. Аубакиров, В.А. Бахарев, Н.Н.Хамитов, В.М. Ютиш, М.С.Утебаев секілді бірқатар экономистердің пікірінше олар незігінен «... банк иелігіндегі және олар кредиттік және басқа да белсенді операциялар үшін пайдаланатын қаражаттардың жиынтығы» ретінде сипатталады [1,2,3].

Мұндай түсіндірме толық болып есептелмейді, себебі мұнда банк ресурстарының қалыптасу көздері көрсетілмеген. Осының нәтижесінде банк ресурстарының құрылымын анықтау үшін жоғарыда айтылған түсіндірмені нақтылау қажеттілігі туындайды. Р.Г.Ольхова келесідей анықтама береді: «Банк ресурстары иелігінде болатын және белсенді операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы түрінде болады» [4, 128 б.]

Ал Н.Н. Хамитов банк ресурсы банктің пассивтік операцияларды жүргізуінің нәтижесінде пайда болады әрі банктегі баланстың пассивінде көрініс табады деп айтты. Банк ресурстарын банктердің өзіндік қаражаты, қарыз қаражаты және тартылған қаражат құрайды. Банк олардың жиынтығын активтік операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланады, яғни табыс алу мақсатында жұмылдырылған ресурстарды орналастырады [6, 12 б.].

Б.А. Райзберг және Л.Ш. Лозовский банк ресурстары – бұл меншікті және тартылған қаражаттардан құралатын қаржылық ресурстардың құрамдас бөлігі, әр алуандығы деп есептейді [7, 286 б.].

Сонымен, біздің ойымызша, банк капиталы – банкке тиесілі және пассив операциялар жүргізу нәтижесінде тартылған және әрі қарай кредиттік-есептік және басқа да операциялар үшін пайдаланылатын қаражаттардан қалыптасатын капиталдар жиынтығы болып табылады.

Банк ресурстарының құрылымына мыналар жатады: банктің меншікті капиталы; банктің заемдық және тартылған қаражаттары.

Бұл банктердің сенімділігін және олардың қазақстандық экономика қажет етіп отырған азаматтардың жинақтарының инвестицияларға түзілуі бойынша банкке жүктелген міндетті орындау қабілетін шынайы арттыруға мүмкіндік береді [8, 21 б.].

Коммерциялық банктің ресурстық базасын бағалау критерилері:

- ресурстық базаның теңгерім өтемпаздығына әсері,
- банк кірісін максималдау,
- банктің бәсекелі позициясын нығайту

Банктің ресурстық базасын бағалау әдістері:

1. жағдайлық талдау;
2. құрылымдық талдау;
3. қаржылық коэффициенттер жүйесі негізінде бағалау;
4. банк ресурстары мен активтерінің тұрақтылығын бағалау;
5. банктің пассив операциялары бойынша шығын деңгейін бағалау;
6. депозиттік ресурстар бойынша пайыз деңгейін экономикалық негіздеу негізінде

баға саясатын бағалау[5].

Коммерциялық банктің депозиттік саясатын жетілдіру және оның банктің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі рөлін арттырудың кейбір ықтимал жолдары осындай.

Банктің қаржы ресурстарын басқару ішкі, сондай-ақ сыртқы көздерде дәл және жеткілікті ақпаратты қажет етеді. Мұның өзінде сыртқы ақпарат стратегияны экономикалық дамыту және құруды болжау үшін, ішкі ақпарат – пассивтерді басқару бойынша саясаттың орындалуын қадағалау және ондағы өзгерістердің қажеттігін бағалау үшін қажет. Банктің пайдаланатын барлық ақпараты маңызды, сенімді және дер мезгілінде болуы тиіс [9, 98 б.].

Банкке қажетті ақпаратын келесі түрде көрсете алады (1 кесте).

Кесте 1 -Банк ресурстарын басқару үшін қажет ақпарат

Сыртқы көздер	Ішкі көздер
Экономикалық есептер: Жалпы болжамдар; Қызметтер саласындағы іскерлік белсенділік; халықаралық аспектілер.	Пассивтердің ұлғаюын талдау; Көлемдер мен бағалар; өткен жылдар үшін жоспармен және деректермен салыстыру; көлем мен спред тенденциясы.
Қаржы нарықтары: Пайыздық мөлшерлемелер; валюталық курс және акциялардың бағалары; Банктер мен негізгі бәсекелестер шығарған құралдардың екінші нарығындағы жағдаят; Екінші нарықта несиелік тәуекелді бөлу; Шиеленістер үшін себептер	Реттеуші нормаларға сәйкестік: капитал; өтімділік; мерзімдердің сәйкес келмеуі бойынша шектер; валюталық позициялар бойынша шектер; қаржы құрылымының ішкі мақсаттарына сәйкестік; Ішкі және сыртқы нормалар мен мақсаттық мәндерге сәйкес нақты деректерді келтіру бойынша күтілетін шаралар.
Реттеу, салық салу және есепке алу: Икемділікке реттеуде өзгерістердің күтілетін әсері; Реттеудегі, салық салудағы, есепке алуға өзгерістер бойынша шығындар; Келеңсіз өзгерістерден қорғау.	Пайыздық тәуекел бойынша позиция: Ағымдағы позиция; Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге ағымдағы позицияның сезімталдылығын талдау; Қызметтің күтілетін ұлғаюынан позицияның күтілетін өзгеруі;

Ескертпе: Автор жасаған

1 - кестеде санамаланған ақпарат қаржы ресурстарын басқарумен айналысатын бөлімшенің тиісті бөлімшесінің келесілерді жасауы үшін қажет:

- ағымдағы және болашақ тәуекелдерді белгілеу;
- пайыздық мөлшерлемелердің, валюталық курстың, инфляция мен өсу қарқындарының өзгеруіне активтер мен пассивтердің сезімталдығын талдау негізінде тәуекелдердің көлемін сапалық жағынан анықтау;
- баланс бойынша қажет жиынтық позицияны қолдау үшін қажет нәтижелерді талдау мен әрекеттерді анықтау (пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне оң, теріс, бейтарап);
- берілген позицияны қолдау үшін қажет, өткізілетін шаралардың құнын анықтау үшін кейінгі сценарийді әзірлеу, яғни болуы мүмкін шығындарды немесе шығыстарды бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау. Әзірленген стратегияларда өзгерістерді қоса алғанда.

Қорыта келгенде, алынған ақпараттың негізінде басқарушылық шешімдер қабылданады. Қаржы ресурстарын басқарудың үздіксіз процес болып табылатындықтан, жаңа шешімдерді қабылдау қажеттігі апта сайын, ай сайын, ал қажет болған кезде – күн сайын туындайды. Осындай ақпараттық массивін өңдеу үшін аналитика мен таңдауға

берілетін шешімдердің ұсынымдарымен кіріктірілген құралдармен автоматтандырылған жүйені әзірлеу қажет.

Банк ресурстарын басқару процесі әзірленген болатын, ол 1- суретте сұлба түрінде берілген.



Сурет 1 - Банктің ресурстарын басқару бойынша шешімдер қабылдау.

Қабылданған шешімдер, өкімдер түрінде жиі, банктің функционалдық бөлімшелерімен орындалуы тиіс.

Банктің қаржы ресурстарын басқарудың функциясын ұйымдастыру үшін келесілер қажет:

- тиісті бөлімшелер, бөлімдер мен тәуекелдерді басқару деңгейлері арасында анық өкілеттіктер мен міндеттер шеңберін белгілеу;
- тиісті өкілеттіктері, дағдылары мен жіктемесі бар персонал мен ресурстарды бөлу;
- шешімдер қабылдау процесін анықтау;
- басқарушылық ақпаратқа қойылатын талаптарды орнату;
- тиісті ұйымдық құрылымды салу.
- басқарудың оңтайлы типін таңдау.

Сонымен, банктің ресурстық базасын тиімді басқару үшін депозиттік саясатты және қаржы ресурстарын басқарудың функциясын жоғары дәрежеде ұйымдастыру қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Банковская энциклопедия / Под ред. С. И. Лукаш, Л. А. Малютиной. - Днепропетровск, 2011.-189 с. 11.Банковское дело: Учебник – 2-е изд.
2. Көшенова Б.А. Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары. Оқу құралы Алматы, Экономика 2010.- 127б
3. Утебаев М.С. Толковый финансово – кредитный словарь.- Астана: Елорда, 1999.-666с.
4. Ольхова, Р. Г. Банковское дело: управление в современном банке[Текст] / Р. Г. Ольхова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : КНОРУС, 2011
5. Мақыш, С. Б. Банк ісі - Алматы : ИздатМаркет, 2007. - 471 б.
6. Хамитов, Н. Н. Банковское дело : курс лекций / Н. Н. Хамитов. - Алматы : Экономика, 2005. - 216. - ISBN 9965-685-73-8
7. Райзберг Б. А., Лозовский Л. Ш., Стародубцева Е. Б. Современный экономический словарь. 5-е изд., перераб. и доп. — М.: ИНФРА-М, 2007. — 495 с.
8. Байгарина А.Т. «Привлечении вкладов населения в банковский сектор», Банки Казахстана, №7, 2009 г, 37-38 стр.
9. Жарковская Е.П. Банковское дело. 7-е изд., испр. и доп. - М.: 2010. — 479 с.